

Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 31 желтоқсандағы № 2331 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 тамыздағы № 680 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 680 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 7-1/68 бұйрығын қараңыз.

«Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру е р е ж е с і б е к і т і л с і н .
2. Осы қаулы 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 9 ж ы л ғ ы 3 1 ж е л т о қ с а н д а ғ ы

№ 2 3 3 1 қ а у л ы с ы н а

қосымша

Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру ережесі 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру ережесі (бұдан әрі - Ереже) «Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңына сәйкес әзірленді және ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқор - ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын жергілікті атқарушы

органдардың бөлімшелері жүзеге асыратын және уәкілетті орган пайдаланатын диагностикалық зерттеулер нәтижелерін қоса алғанда, жануарлардың жеке нөмірі туралы, оны ветеринариялық дауалау туралы деректерді, сондай-ақ жануардың иесі туралы деректерді тіркеудің бірыңғай, көп деңгейлі жүйесін көздейтін ветеринариялық есептің бөлігі;

2) бірдейлендіру - дерекқорға жануар туралы мәліметтерді енгізе және жануарға ветеринариялық паспортты бере отырып, жапсыру, чиптау, таңба салу жолымен жануарларға жеке нөмір беруді қамтитын жануарларды есепке алу жүйесі;

3) жеке нөмір – жапсырмаға, чипқа, болюсқа немесе таңбаға түсірілетін әріптік немесе цифрлық белгіні қамтитын, жануарға берілетін жеке код;

4) ветеринариялық бөлімше - ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің жергілікті атқарушы органдарының бөлімшесі;

5) тәртіптеме - ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу және ветеринариялық паспорттар беру үшін ветеринариялық мақсаттағы атрибуттар мен бұйымдарды бөлу (беру) туралы жоғары тұрған ветеринариялық бөлімшенің төмен тұрған ветеринариялық бөлімшеге құжаты;

6) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру құралдары – жапсырмалар (іліктірілген көрнекі, радиожилікті белгісі бар), чиптар, болюстар, таңбалар.

Ескерту. 2-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.10.07 № 1146 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасының аумағындағы ауыл шаруашылығы жануарларының барлығы бірдейлендіруге жатады. Ірі қара және ұсақ малдардың төлдерін, сондай-ақ боталарды туғаннан кейін 7 (жеті) күн өткен соң, бірақ туған күнінен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей бірдейлендіреді. Құлындарды 4 айлық жасында бірдейлендіреді. Торайларды бір айға толғанда бірдейлендіреді.

Республика аумағында орны ауыстырылатын барлық мал басы осы Ережеде белгіленген тәртіппен бірдейлендіріледі.

4. Жануарларды бірдейлендіру рәсіміне:

1) осы Ереженің 5-тармағында көрсетілген тәсілдердің бірімен жеке нөмір беру және ауыл шаруашылығы жануарларын белгілеу;

2) жануарға ветеринариялық паспорт беру;

3) мәліметтерді ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқорға ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен енгізу жатады.

5. Ауыл шаруашылығы жануарларын белгілеу түріне байланысты мынадай тәсілдердің бірімен жүзеге асырылады:

1) жапсырмалау (ірі қара мал, ұсақ мал, түйелер, шошқалар);

2) таңбалау (жылқы);

3) чиптау (электрондық бірдейлендіру түрі) (ауыл шаруашылығы жануарларының барлық түрлері).

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.04.30 № 374 Қаулысымен.

6. Жапсырмалау жануардың құлағына жапсырма бекіту және оны құлақтың ішкі жағынан ортасына қарай, мүмкіндігінше оның түбіне жақын орналастыру жолымен жүзеге асырылады. Жапсырмада осы Ереженің 7-тармағына сәйкес жеке нөмірі көрсетіледі.

Ірі жануарларға екі құлағына бір-бірден бірдей екі жапсырма бекітіледі (бір жеке нөмірмен), ұсақ жануарлардың, оң құлағына бір жапсырма бекітіледі. Жапсырма жануардың бүкіл тіршілік етуі бойында шешілмейді. Ірі және ұсақ жануарлардың сол құлағына бекіту үшін радиожилікті таңбасы бар жапсырма пайдаланылуы мүмкін.

Таңбалау ыстық немесе суық тәсілмен жүзеге асырылады. Таңба дененің сол жағына: республиканың, облыстың және мал түрінің литерлік кодтары жауырынға, жеке нөмір жамбасқа қойылады.

Чиптау, радиожилік белгісі бар жапсырмалар мен болюстарды пайдалану оларды пайдалану жөніндегі тиісті нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.10.07 № 1146 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

7. Жеке нөмір 12 (он екі) символдан тұрады, олардың мынадай белгілері бар: бірінші екі символ - Қазақстан Республикасының литерлік коды (ISO-Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымның кодына сәйкес келетін екі әріптік қысқартылған атау);

үшінші символ - облыстың литерлік коды;

төртінші символ - жануар түрінің сандық коды;

бесіншіден бастап он екінші символдар - жылқыларды қоспағанда, жануардың жеке нөмірі.

Жылқының жеке нөмірі төрт символды құрайды. Жылқының жеке нөмірі төрт таңбалы саннан асқанда жеке нөмірге серия литерлік белгі түрінде латын әліпбиінің әріптерін енгізу жолымен көзделеді.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың шегінде жануарларға жеке нөмірлер беру кезектілікпен жүзеге асырылады.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.04.30 № 374, 2010.11.05 N 1159 Қаулыларымен.

8. Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу үшін бекітіліп берілген Қазақстан Республикасының, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының литерлік және цифрлық кодтары осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес беріледі.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.10.07 № 1146 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

9. Жануарларды бірдейлендіру үшін пайдаланылатын жапсырмалар, чиптер, таңбалар осы Ереженің 2-қосымшасында көрсетілген нысанға, мөлшерге және сипаттамаға сәйкес болуға тиіс.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.10.07 № 1146 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

10. Жануарларды сою алаңдарында (ауыл шаруашылығы жануарларын сою алаңдарында), сою пункттерінде және етті қайта өңдеу кәсіпорындарында сойғаннан кейін олардың ветеринариялық паспорттарын, чиптерін, жапсырмаларын, болюстерін сою алаңдарының (ауыл шаруашылығы жануарларын сою алаңдары), сою пункттерінің және етті қайта өңдеу кәсіпорындарының ветеринарлық дәрігері тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің ветеринариялық бөлімшелеріне тізімдеме бойынша береді, ал жеке тұтыну үшін сойған кезде иелері тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің ветеринариялық бөлімшелеріне береді.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.10.07 № 1146 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

11. Жануарлар өлген жағдайда, сондай-ақ осы Ереженің 10 және 23-тармақтарында көзделген жағдай туындаған кезде, олардың ветеринариялық паспорттарын, чиптерін, жапсырмаларын, болюстерін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің комиссиялық – ветеринариялық бөлімшелері жояды.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.10.07 № 1146 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

12. Бірдейленген жануарлар бір әкімшілік-аумақтық бірлігінің аумағынан басқасына орын ауыстырған кезде берілген жеке нөмірлер ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқорға тиісті мәліметтер енгізіп сақталады.

13. Шет елден әкелінген асыл тұқымды карточкасы бар малдардың шыққан елде берілген жеке нөмірлері сақталады. Шетелден әкелінген жануарлар туралы деректер осы Ережеде белгіленген тәртіппен жануарларға профилактикалық карантиннен өткізілгеннен кейін (жануар импортталған (әкелінген) сәттен бастап отыз күнтізбелік күн) ветеринариялық паспорт беріле отырып, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқорға енгізіледі.

14. Арналу пункті етті қайта өңдеу кәсіпорындары, сою пункттері, сою алаңы

(ауыл шаруашылығы жануарларын сою алаңы) болып табылатын және олар импортталған (әкелінген) сәттен бастап 30 (отыз) күннің ішінде кейіннен сойылатын импортталатын жануарлар бірдейлендіруге жатпайды.

2. Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу тәртібі

15. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы:

1) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын мерзімдері мен жауапты орындаушыларын көрсете отырып бекітеді және оны ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органына жеткізеді;

2) ауыл шаруашылығы жануарларын, жануарға ветеринариялық паспортты бірдейлендіруді жүргізу үшін ветеринариялық мақсаттағы бұйымдар мен атрибуттарды мемлекеттік сатып алуды және тасымалдауды (жеткізуді) жүзеге асырады;

3) ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқорды жүргізуді қамтамасыз етеді.

16. Ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы:

1) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу жөніндегі іс-шаралар жоспары негізінде ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу кестесін жасайды және бекітеді, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің әкіміне жеткізеді және оның орындалуын қамтамасыз етеді;

2) ауыл шаруашылығы жануарларын, жануарға ветеринариялық паспортты бірдейлендіруді жүргізу үшін ветеринариялық мақсаттағы бұйымдар мен атрибуттарды аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің әкіміне дейін тасымалдауды (жеткізуді) ұйымдастырады.

17. Аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің әкімі ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу кестесіне сәйкес ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру рәсімін жүргізу уақыты мен орнын анықтайды.

18. Ветеринариялық бөлімшенің ветеринариялық дәрігері:

1) ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен бірдейлендіруді жүргізу орны бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқорды жүргізуді (деректерді дерекқорға енгізуді) жүзеге асырады;

2) жануарға жеке нөмір береді;

3) жапсырмалауды, чиптауды, таңбалауды жүзеге асырғаннан кейін жануардың иесіне осы Ереженің 3-тарауына сәйкес жануарға ветеринариялық паспортты береді.

Ескерту. 18-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.04.30 № 374 Қаулысымен.

19. Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу үшін алынған ветеринариялық мақсаттағы бұйымдар мен атрибуттарды бөлу тәртіптеме негізінде жүзеге асырылады.

20. Ауыл шаруашылығы жануарларын жапсырмалау, чиптау, таңбалау рәсімін ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке және заңды тұлғалар және/немесе ветеринариялық-профилактикалық іс-шараларды жүргізу жөніндегі көрсетілетін қызметті жеткізіп беруші болып табылатын тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары құрған ветеринария саласындағы мемлекеттік кәсіпорындар (бұдан әрі - орындаушы) жүргізеді.

Ескерту. 20-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.04.30 № 374 Қаулысымен.

21. Орындаушы жапсырмалауды, чиптауды, таңбалауды жүргізу кезінде осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ведомость ресімдейді.

Ведомость 2 данада жасалады, Орындаушының және ветеринариялық бөлімшенің ветеринариялық дәрігерінің қолымен және соңғысының мөрімен бекітіледі.

Бір данасы іс-шараларды орындаушыда, екіншісі ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқорға кейіннен енгізу үшін ветеринариялық бөлімшенің ветеринариялық дәрігерінде қалады.

Ескерту. 21-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.04.30 № 374 Қаулысымен.

22. Жануардың иесі ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу кезінде жануарға арналған ветеринариялық паспорттың, жануарларды бірдейлендіру үшін жапсырмалардың (чиптардың) құнын тиісті соманы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жергілікті бюджет кірісіне аудару арқылы қайтаруды қамтамасыз етеді.

23. Ірі жануарлардың жапсырмаларының біреуі жоғалған немесе бүлінген кезде (жеке нөмірді анықтау мүмкін болмағанда) жануардың иесі тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органына жапсырманың телнұсқасын беру туралы өтініш береді.

Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органы белгіленген тәртіппен жапсырманың телнұсқасына тапсырыс беруді және жапсырманың

телнұсқасы түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны беруді қамтамасыз е т е д і .

Ірі жануарлардың екі жапсырмасы және ұсақ жануарлардың жапсырмасы жоғалған немесе бүлінген (жеке нөмірін анықтау мүмкін болмаған) кезде, жануар шаруашылық жүргізуші субъектінің басқа жануарларының жеке нөмірлерін жануарлардың ветеринариялық паспорттарымен және ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқормен салыстырып тексеру жүргізілгенге дейін жапсырмасы бүлінген немесе жоғалған жануардың жеке нөмірін анықтау үшін оқшауланады.

Осы жануарларды қайтадан бірдейлендіру жануарға жаңа жеке нөмір беріле отырып, осы Ережеде белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.10.07 № 1146 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

24. Жеке тұлғаларға тиесілі ауыл шаруашылығы жануарларының төлдерін бірдейлендіру мал жасы осы Ереженің 3-тармағында көрсетілген жасқа жеткенде мал иелері берген өтінімдер негізінде жүзеге асырылады.

Ауыл шаруашылығы құралымдары мен шаруа қожалықтарына тиесілі ауыл шаруашылығы жануарларының төлдерін бірдейлендіру тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің ветеринариялық бөлімшесіне басшы ұсынған алдағы бұзаулау (төлдеу, торайлау) кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

3. Бірдейлендірілген ауыл шаруашылығы жануарларына ветеринариялық паспорт беру тәртібі

25. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің ветеринариялық бөлімшесінің ветеринариялық дәрігері жануарға жеке нөмір берген сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінің ішінде оның иесіне осы Ереженің 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ветеринариялық паспорт береді.

26. Ұсақ малға (қойлар, ешкілер), шошқаларға ветеринариялық паспорт әр жануардың жеке нөмірі көрсетіле отырып, тобына (отарына), ал жануарлардың қалған түрлеріне жеке беріледі.

27. Ветеринариялық бөлімшенің ветеринариялық дәрігері ветеринариялық паспортқа жүргізілген ветеринариялық өңдеулер және жануарды диагностикалық зерттеулер туралы мәліметті, жануардың иесі туралы деректерді енгізеді.

28. Жануардың ветеринариялық паспортының деректерін кейіннен жаңарту ветеринариялық іс-шараларды (диагностикалық зерттеулерді, профилактикалық өңдеуді) жүргізу, иесін ауыстыру үдерісінде және басқа жағдайларда жүзеге асырылады.

29. Ветеринариялық паспорт тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің

ветеринариялық бөлімшесінің ветеринариялық дәрігерінің қолымен және м ө р і м е н б е к і т і л е д і .

30. Ірі жануарлар қатардан шыққан кезде (ұдайы өндіріске өткізу) ветеринариялық паспорт ондағы тиісті белгісімен ауыл шаруашылығы жануарының жаңа иесіне беріледі.

Ұсақ жануарлар тобының (отарының) бір бөлігі қатардан шыққан кезде (ұдайы өндіріске өткізу) жаңа иесіне ветеринариялық паспорттан үзінді көшірме беріледі. Жануар межелі пунктке келгеннен кейін ветеринариялық паспорт р е с і м д е л е д і .

Тиісті мәліметтер ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқорға е н г і з і л е д і .

31. Ветеринариялық паспорттың телнұсқасын беру ол жоғалған немесе тозығы жеткен кезде жүргізіледі.

Жоғалған, бүлінген ветеринариялық паспорттар жануарлар иелері тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің ветеринариялық бөлімшесінің ветеринариялық дәрігеріне жазбаша өтініш (ветеринариялық паспорттың жоғалған, бүлінген фактісін растайтын құжаттармен қоса) берген күнінен бастап жарамсыз деп е с е п т е л е д і .

Ветеринариялық бөлімшенің ветеринариялық дәрігері өтініш берілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде жоғары оң жақ бұрышында «Телнұсқа» деген жазуы бар ветеринариялық паспорттың телнұсқасын беруді жүргізеді.

32. Жануарға жоғалғанның немесе тозығы жеткеннің орнына берілген ветеринариялық паспортта «қайта берілген» деген белгі қойылады.

Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру ережесіне 1-қосымша

Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу үшін бекітіліп берілген Қазақстан Республикасының, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының литерлік және цифрлық кодтары

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.10.07 № 1146 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Р/с №	Литерлік код	Ш т р и х - к о д үшін цифрлық код	Атауы
1.	KZ	398	Қазақстан Республикасы
2.	C	01	Ақмола облысы
3.	B	02	Алматы облысы
4.	D	03	Ақтөбе облысы

5.	E	04	Атырау облысы
6.	F	05	Шығыс Қазақстан облысы
7.	H	06	Жамбыл облысы
8.	L	07	Батыс Қазақстан облысы
9.	P	08	Қостанай облысы
10.	M	09	Қарағанды облысы
11.	N	10	Қызылорда облысы
12.	R	11	Маңғыстау облысы
13.	S	12	Павлодар облысы
14.	T	13	Солтүстік Қазақстан облысы
15.	X	14	Оңтүстік Қазақстан облысы
16.	A	15	Алматы қаласы
17.	Z	16	Астана қаласы

Ауыл шаруашылығы жануарларының цифрлық коды


1	-	і р і	қ а р а	м а л
2	-		қ о й - е ш к і	
3	-		ш о ш қ а	
4	-		ж ы л қ ы	

5 - түйе


Ауыл шаруашылығы жануарларын
бірдейлендіру ережесіне
2-қосымша

Ауыл шаруашылығы жануарларына арналған жапсырмалардың, чиптардың және таңбалардың нысандары, мөлшері және сипаттамасы

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.10.07 № 1146 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.



Ірі жануарларға (ірі қара мал, түйе)



Ұсақ жануарларға (ұсақ мал, шошқа)

Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру құралдарын (жапсырмалары, радиожиилікті белгісі бар жапсырмалары, чиптар, болюстар) Жануарлар туралы жазбалар жүргізу жөніндегі халықаралық комитеттің (ICAR): www.service-icar.com/matrix_codes/Manufacturers_DB/matrix_codes_main.asp интернет-ресурсында орналасқан Өндірушілер тізіміндегі өндірушілер шығаруы тиіс, бұл ретте сатып алынатын бірдейлендіру құралдарының үлгілері көрсетілген интернет-ресурстарында орналастырылуы қажет.

Жапсымалар мына белгілерге сәйкес келуі қажет: сыртқы ортаның әсеріне төзімді болуы және жануардың тіршілік етуінің бүкіл мерзімінде оңай оқылуы;

Ведомость жасалған күн 20__ ж. _____

Орындаушы _____

(Т.А.Ә., қолы)

Ветеринариялық

бөлімшенің

ветеринариялық дәрігері _____

(Т.А.Ә., қолы, мөрі)

Ауыл шаруашылығы жануарларын

бірдейлендіру ережесіне

4-қосымша

(1-бет) / (страница 1)

Ветеринариялық паспорт

Ветеринарный паспорт

_____ аудан /район (кала/город)
_____ облыс/область

(2-бет) / (страница 2)

Ветеринариялық паспорттың нөмірі / Номер ветеринарного паспорта: № ____*

Жануар туралы деректер / Данные о животном:

Түрі / Вид _____

Жынысы / Пол _____

Малдың түсі / Масть _____

Аты / Кличка _____

Жасы / Возраст _____

Бірдейлендіру әдісі / Метод идентификации _____

Малдың тегі туралы деректер (егер асыл тұқымды жануар болса) / Данные о родителях (если племенное животное)

Ауыл шаруашылығы жануарлары тиесілі иесінің Т.А.Ә. немесе заңды тұлғаның атауы/ Ф.И.О. владельца или наименование юридического лица, которому принадлежит сельскохозяйственные животные	Иесінің мекен-жайы немесе заңды тұлғаның атауы / Адрес владельца или наименование юридического лица	Ауыл шаруашылығы жануарларының иесі ауыстырылған күн/ Дата смены владельца сельскохозяйственных животных	Ауыл шаруашылығы жануарлары иесінің ауыстырылуын растайтын мемветсанинспектордың қолы мен мөрі/ Подпись и печать госветсанинспектора, подтверждающего смену владельца сельскохозяйственных животных

Берілген күні 20__ ж. _____ / Дата выдачи _____ 20__ г.

Ескертпе * ветеринариялық іс-шараларды (егу, өңдеу, манипуляциялар немесе диагностикалық тесттері) жазу кезінде ауыл шаруашылығы жануарлары ауруының атауын көрсету қажет.

Примечание * при записи ветеринарных мероприятий (прививки, обработки, манипуляции или диагностические тесты) необходимо указывать наименование болезни сельскохозяйственных животных.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК